

Қазақстан Республикасы Индустрия  
және инфрақұрылымдық даму  
министрінің  
2021 жылғы «21» 05  
249 бұйрығына қосымша

**«Қазақстан инжиниринг» Ұлттық компаниясы»  
Kazakhstan Engineering)» акционерлік қоғамының  
Жарғысына енгізілетін өзгерістер**

1. 5-баптың 16-тармағының 10) тармақшасындағы «Жалғыз акционермен келісім бойынша» деген сөздер алып тасталсын.

2. 12-бапта:

36-тармақтың 32) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«32) осы тармақтың 23) және 24) тармақшаларында көзделген шектеулерді ескере отырып, Компанияның демеушілік (қайырымдылық) көмек көрсетуі туралы, оның ішінде Компанияның мүлікті өтеусіз беруі (сыйға тарту, қайырмалдық) туралы шешім қабылдау;»;

36-тармақ мынадай мазмұндағы 35) тармақшамен толықтырылсын:

«35) «алтын акция» иесінің құзыретіне жататын мәселелер бойынша шешімдер қабылдау.».

3. 16-бапта:

64-тармақтың «Директорлар кеңесінің отырысына материалдарды Директорлар кеңесінің отырысын өткізу күніне дейін кемінде күнтізбелік 10 (он) күн бұрын Директорлар кеңесінің отырысын өткізуге бастамашылық ететін тұлға ұсынады» деген 2-абзацы алып тасталсын;

64-тармақтың 3-абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Отырыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар қоса берілген Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы жазбаша хабарламалар Директорлар Кеңесінің мүшелеріне Директорлар кеңесінің отырысы өткізілетін күнге дейін 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірілмей жіберілуге тиіс.».

Басқарма Төрағасы



М.Керейбаев